

8D05201 (6D060800) – Экология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жидебаева Айнур Ербулатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Диссертациялық жұмыс Маңғыстау өңіріндегі өзекті экологиялық мәселелердің бірі – өндірістік қызметтің биоалуантүрлілікке әсерін кешенді бағалауға арналған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мемлекет деңгейінде қойылған міндеттермен, атап айтқанда қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және биоалуантүрлілікті сақтау бағыттарымен толық үндеседі.

Жидебаева Айнур Ербулатовна өз жұмысында Шетпе-Оңтүстік бор кен орны мен «Каспий цемент» зауыты аймағындағы экологиялық жағдайды жан-жақты қарастырып, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемінің жай-күйін заманауи ғылыми әдістер негізінде зерттеген. Әсіресе, геоақпараттық жүйелерді, қашықтан зондтау деректерін, далалық және зертханалық талдауларды ұштастыра қолдануы жұмыстың ғылыми деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.

Зерттеу барысында өндірістік шығарындылардың қоршаған орта компоненттеріне әсері, топырақтағы ауыр металдардың жинақталуы, өсімдік жамылғысының өзгеруі және жалпы биоалуантүрлілікке түсетін техногендік жүктеме ғылыми тұрғыда негізделген. Жүргізген талдаулары нәтижесінде зерттелетін аумақтағы экожүйелердің жағдайына кешенді баға беріліп, нақты ғылыми қорытындылар жасалған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде алғаш рет зерттеу аумағында өндірістік факторлар мен биоалуантүрлілік көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстар анықталып, табиғи жүйелердің тұрақтылық факторлары негізделгенін атап өтуге болады. Сонымен қатар, биоалуантүрлілік дерекқоры мен сандық карталардың жасалуы зерттеудің практикалық маңызын арттыра түседі.

Диссертацияның маңызды нәтижелерінің бірі – экологиялық-технологиялық шешім ретінде ұсынылған жылжымалы күн дистилляторы. Бұл құрылғының өндірістік аймақта шанды басу, топырақтың екіншілік сортадануын болдырмау және техникалық мақсатта суды тиімді пайдалану мүмкіндігі тәжірибелік тұрғыда дәлелденген. Диссертациялық жұмыс барысында әзірленген су тұщыландырғыш, Қазақстан Республикасының пайдалы модельге № 9128 17.05.2024 ж. «Бассейн типтес су тұщытқыш» патентпен расталған.

Зерттеу әдістерінің кең ауқымда қолданылуы, алынған нәтижелердің статистикалық өңделуі және заманауи бағдарламалық құралдардың пайдаланылуы жұмыстың ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы да ерекше. Зерттеу нәтижелері өңірлік экологиялық мониторинг жүргізуде, табиғатты пайдалану саясатын жетілдіруде, сондай-ақ өндірістік кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыруда тиімді қолданылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан толық, ғылыми тұрғыдан негізделген, теориялық және практикалық құндылығы жоғары еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Жас ғалым» мемлекеттік гранты аясында 2023-2025 жж. АР19175489 «Шетпе-Оңтүстік бор карьерінің аумағында биоалуантүрлілікті сақтаудың экологиялық аспектілерін ГАЗ технологияларын қолданумен ғылыми негіздеу» жобасы аясында орындалған.

Қорытындылай келе, диссертация жұмысында келтірілген қорытындылар мен тұжырымдар ізденушінің зерттеу бағыты мен диссертация мазмұнына толығымен сәйкес келеді. Диссертант диссертацияны толығымен өз бетінше орындаған, барлық бөлімдері мен ережелері логикалық және дәйекті түрде өзара байланысқан аяқталған ғылыми жұмыс деп санауға болады. Жұмыс нақты логикалық схемаға негізделген және қабылдауға оңай. «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбында орындалған зерттеу жұмысы (8D05201) 6D060800 – Экология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық жұмыс деген пікір білдіремін.

**Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
PhD, «Экология и геология»
кафедрасының профессор м.а.**



С.Сырлыбекқызы

